Экономикалық ТКК

Ойынның мақсаты: Оқушыларға ақша және қаржы жөнінде ұғымды түсінікті түрде беру, нарықтық қарым-қатынас негіздерін ойын түрінде көрсету.

Сайыстар	Дұрыс жауаптар және сайысқа керекті заттар
1. "Командаларды таныстыру және сәлемдесу" сайысы Ең жоғары баға - 15 балл. **Уақыт - 5 минут.**	
2. "Дұрыс орналастыру" (ежелгі орыс ақшаларын ретімен дұрыс орналастыру) қомандалық сайысы Әрбір дұрыс орналастырылған атау үшін -3 балл **Уақыт - 3 минут**	Ежелгі орыс ақшаларын ретімен дұрыс орналастырыңдар. 1 Деньга 1 алтын 1 рубль 1 пятиалтынный 1 гривенник 1 полушка 1 полтина 1 грош Ежелгі орыс ақшаларының дұрыс орналасу тәртібі: 1. Рубль 2. Полтина 3. Пятиалтынный 4. Гривенник 5. Алтын 6. Грош 7. Деньга 8. Полушка
3. "Сұрақтар мен жауаптар" сайысы. Әр команда қарсылас командаға сұрақтар қояды. Сұрақтардың ең жоғары бағасы – 5 балл. Жауаптардың ең жоғары бағасы - 5 балл. Әзілдер қабылданады. **Жауапқа дайындалу уақыты - 1 минут.** **Сайысты өткізу уақыты - 7 минут.**	
4. «Ақша туралы мақал-мәтелдер білгірлері» сайысы. Барлық команда қатысады, мақал-мәтел айтпаған команда ойыннан шығады. Жеңген команда 5 балл иеленеді. **Сайысты өткізу уақыты - 3 - 5 минут.**	
5. Ақын – бизнесмендер сайысы. "Экономикалық" өлең ырғақтарын құрастыру. Әр командадан екі адам шақырылады. Сайыстың ең жоғары бағасы - 10 балл. **Өлеңді жазу уақыты - 5 минут.** **Өлең оқу - 1 минут**	5. Ақын – бизнесмендер сайысы. Ырғақтар дайындау. ... кіріс ... валюталық ... тәсіл ... минуттық ... баға ... монета ... бір ... кәмпит ... тауар ... нарық ... кіріс ... ботинок ... сұраныс ... налоги ... мұрын ... аяқтар

	... банк ... эмиссия ... танк ... комиссия ... несие ... жарнама ... айқындайды ... ана ... шығын ... инфляция ... кеме ... жағдаят
6. "Сезімтал адамдар " сайысы. Әр командадан бір адам шақырылады және түрлі құндылықтағы тиындардың атауларын ұстай отырып анықтайды **Әр дұрыс анықталған тиын үшін - 3 балл.** **Сайысты өткізу уақыты - 5 минут.**	**Ақын- бизнесмендер өлеңдерін оқу.**
7. Капитандар сайысы. Сөйлемдерді аяқтап, оларға экономикалық анықтамалар беру. Әр капитанға 7 сұрақтан қойылады. Әрбір дұрыс жауабы үшін - 3 балл. **Сайысты өткізу уақыты - 5 минут.**	7. Капитандар сайысы 1. Сұраныс ұсыныстан көп болған жағдайда не болады?. *Дефицит туындайды.* 2. Ақшаның қай түрі құндылау: қағаз ақша ма, әлде метал ақша ма? *Оған нені сатып алуға болатындығына байланысты* 3. Айналымға ақша жіберу процесі қалай аталады? *Эмиссия.* 4. Деньга деген сөзінің шығу төркіні? *Татар - монгол.* 5. Ірі жобаға салынған ақшаны қалай атайды? *Инвестиция.* 6. «Өмірдің өзіндік құны» деген не? *Тіршілікті қамтамасыз ету үшін қажетті тұтыну заттары: азық-түлік және киім-кешек сатып алуға қажетті ақша сомасы* 7. «Ақшасы қымбат елдің тұрмысы арзан»" мәтелі нені білдіреді? *Инфляцияның болмауы.* 8. Ақшасыз алмасу. *Бартер.*
8. "Үш экономикалық тапсырма" командалық сайыс. Әрбір дұрыс орындалған тапсырма -3 балл **Тапсырманы орындау уақыты - 3 минут**	8. Үш экономикалық тапсырма 1. Винни-Пух бал сатып жүрді. Ол өзінің сауда агенті Пятачоккa әр сатылған бал құтысы үшін 7 мыс тиыннан беріп отырғанның өзінде Винни-Пухтың қалтасында 29 мыс тиын артық қалып отырды. Егер олардан түскен кіріс 22532 мыс тиын құраған болса, Пятачок қанша құты бал сатты? (*524 құты.*) 2. Бұзақы Соловей-Разбойник әкелінген барлық тауар құнының 12 % көлемінде сыйақысын алып отырды. Илья-Муромец 10000 рубльге тауар әкелген болса, оған қанша сыйақы төлеген болар еді? (*1200 рубль.*) 3. ШЫРШАЛЫ орман мемлекетінің ұлттық валютасы -БҮРШІК,ал көрші ҚАЙЫҢДЫ тоғай мемлекетінде – ҚАБЫҚ. Қалтасында 55370 ҚАБЫҚ бар ҚОЯН орманнан тоғайға жол жүрген жағдайда қанша БҮРШІК алады? Орманда Қоян 321 БҮРШІК жұмсаған болса, ақша айырбастау барысында қанша ҚАБЫҚҚА ие болады? Айырбастау курсы- 1 бүршікке 98 қабық беріледі . (*565 бүршік. 23 912 қабық.*)
9. Экономикалық шифрлау Дұрыс жауап үшін - 5 балл. **Шифрларды шешу уақыты- 2 минут.**	Экономикалық шифрлау (шифрланаған сөз-инфляция, орыс әріптерін оқу керек) 45$6^\\@#%И#$%65fflgjgo#$Hk@#%^%(*Ф!@#$$% 689*&Л:"^&&*$%jhehy@$%65t5Я6&7ty&*jfkee9$ ^&*&&*(66235hdn$$g666jdh8j@i$$lkjgorui5nj gfkl@45765&&^54426!!@@#nmfkir!@Ц455566377 tdghsfwt6^%%$^*^^*76hhet74hgakdy747%$#*^8 ghd5&%%&65wggx568863ghanbdkk838gzgzg735И3 57c8VFRDR^664g4ggdcncu!@##45252ffdg3gg6dh 777@#%&&&$%^6625263585643889##6%%Я43@@@63 tgd7hiojs
10. "Экономания елінің валютасы " командалық конкурс.	Өз валютасын дайындауды және қорғауды талап етеді.

Ең жоғары баға - 10 балл. Қарсылас командаға сұрақ қояды. Сұрақ - 3 балл. Жауабы - 3 балл. **Ақшаны дайындау уақыты – 5 минут** **Валютаны ұсыну – 1 минут**	
11. "Иә немесе жоқ". Әрбір дұрыс жауабы үшін - 3 балл. **Ойлану уақыты - 30 секунд.** **Әр командаға 5 сұрақ**	«Иә» немесе «жоқ» 1. Молшылық көп болғанда, заттардың құндылығы жойылады. *Иә* 2. Кез келген заттың пайдалылығын өлшеуге болады. *Иә* 3. Адамның тұтынушылығы шектеулі. *Жоқ* 4. Баға мен құндылық әртүрлі ұғымдар. *Иә* 5. Судың пайдасы әрқашан барлығы үшін бірдей. *Жоқ* 6. Инфляция деңгейі жоғары болған сайын, ақша жинақтау соғұрлым пайдалы болмақ. *Жоқ* 7. Баға өссе, ақшаның сатып алу қабілеті өседі. *Жоқ* 8. Экономикада басты ақшалай операциялар тек қолма-қол ақша арқылы жүзеге асады. *Жоқ* 9. Ешбір ел банкнотты алтынға еркін айырбастай алмайды. *Иә* 10. Банк тек мемлекеттің меншігінде болады. *Жоқ*